

ЭОЖ 80

ҒТАХР 16.01.33

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.2.81.002>

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ВАРИАТИВТІЛІК ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Айдарбек Қ. Ж.¹, Бейсеғұл Д. Т.², *Бактиярова Р.М.³, Аккузова А.А.⁴
^{1,2,4} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
³ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімінде терминологиялық жүйенің тұрақтылығы мен бірізділігі ғылыми коммуникация сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Соған қарамастан, бір ұғымның бірнеше атаумен берілуі – терминологиялық вариативтілік – ғылыми дискурста кең таралған құбылыс ретінде көрінеді. Вариативтілік ғылыми терминологияның тарихи дамуына, әртүрлі ғылыми мектептердің өзара әрекеттесуіне, тіларалық байланыстарға, сондай-ақ кірме терминдер қабылдау және оларды бейімдеу процестеріне байланысты құбылыс. Терминологиялық вариативтілікті зерттеу – ғылыми терминологияның даму ерекшеліктерін қарастыруға, әртүрлі терминологиялық нұсқалардың пайда болу себептерін анықтауға және олардың ғылыми білім жүйесіндегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тіл біліміндегі терминологиялық вариативтіліктің табиғатын, қалыптасу себептерін және ғылыми қолданыстағы маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: терминологиялық вариативтілікті зерттеудің теориялық негіздемелерін анықтау; терминологиялық вариативтілік үдерісінің лингвистика саласындағы рөлін айқындау; әртүрлі ғылыми дискурста кездесетін терминологиялық вариативтілікке толық талдау жасау; ғылыми басылымдарда терминологиялық вариативтіліктің ұтымды қолданысы бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің негізгі бағыттары терминологиялық нұсқалардың пайда болу факторларын (әлеуметтік, мәдени, когнитивтік, пәнаралық ықпал), олардың ғылыми мәтіндегі қызметін және тілдік нормаға әсерін талдауға негізделді.

Зерттеу әдістемесін таңдау жұмыстың мақсатына тікелей байланысты. Терминологиялық вариативтілік терминдердің семантикалық, құрылымдық және функционалдық сипаттамаларымен байланысты күрделі лингвистикалық құбылыс болғандықтан, оны зерттеу кешенді тәсілдерді қолдануды және лингвистикалық талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануды талап етеді. Әдіснамалық тұрғыдан сипаттамалық талдау, салыстырмалы

әдіс, контекстік талдау, функционалды-стилистикалық тәсілдер және ғылыми мәтіндерге кешенді лингвистикалық сараптама қолданылды. Сонымен қатар қазақ тіліндегі және әлемдік ғылыми мақалалардағы термин нұсқалары салыстырылып, олардың семантикалық, құрылымдық және қолданыстық ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу нәтижесінде терминологиялық вариативтіліктің ғылыми ойдың дамуы мен пәнаралық ықпалдастықтың табиғи салдары екендігі дәлелденді. Вариативтілік бір жағынан ұғымды нақтылауға, ғылыми пікірталасты дамытуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан терминологиялық жүйенің тұрақсыздығына және түсінбеушілікке әкелуі мүмкін екені айқындалды. Қорытындылай келе, терминологиялық вариативтілікті реттеу мен жүйелеудің ғылыми негізделген қағидаттарын қалыптастырудың маңызы көрсетілді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы терминологиялық вариативтіліктің табиғаты туралы теориялық идеяларды кеңейту, оның ғылыми терминология жүйесіндегі рөлін анықтау және лингвистикалық ғылыми дискурстың қалыптасуы мен жұмсалым процестерін ғылыми түсінуді тереңдету болып табылады. Зерттеудің ғылыми құндылығы – қазақ терминологиясындағы вариативтілік мәселесін кешенді талдауында, ал практикалық маңызы – ғылыми мәтіндерді стандарттау, терминдерді біріздендіру және оқу үдерісінде тиімді қолдану бойынша ұсыныстар беруінде.

Тірек сөздер: терминологиялық вариативтілік, тіл білімі, ғылыми дискурс, тілдік норма, термин, терминжасам, ғылыми коммуникация, пәнаралық ықпалдастық, семантикалық талдау

Кіріспе

Әлемдегі барлық ғылыми қауымдастықтың белгілі бір тілдік кеңістігінде терминологияның үлкен рөл атқаратыны белгілі. Терминология арқылы ұғымдар мен құбылыстар атауының дәлдігі мен анықтығына көз жеткізе аламыз, әрі ғылыми білімнің тасымалдаушысы десек те болады. Алайда нақты ғылыми қатысымда бір сөздің өзі, грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жағынан өзгеріске ұшырап әртүрлі белгісінде болатын жағдай жиі туындайды. Бұл құбылысты тіл білімінің саласында терминологиялық вариативтілік деп аталатыны мәлім. Ш. Біләловтің «Батыс Еуропа халықтар тілдерінде болып келетін жаңа ғылыми техникалық атауларды түп нұсқада қабылданған орыс тіліне нұқсан келе қоймайды, қайта сөздің бас-аяғын дұрыстап жөнге келтіргеннен соң, ол көптен көз көріп, құлақ естіген орыс сөзі сияқты болып шыға келеді. Бұл негізінен, орыс тілінің жасандылыққа аса бейімділігі. Ғылым мен техника жетістігін орыс тілі арқылы меңгерген қазіргі қазақ тілі үшін орыс тілінің осы бір «жасанды» қылығы кереғар әсер етуде. Қазақ тілі сөз келбетін сақтау үшін, өзіндік заңдылықтарын бұзбау үшін, ғылыми-техникалық атаулар қазақ тілінде меңгерілуге тиіс,

қазақша сөйлеуге тиіс» [1, 27 б.] дегенін басшылыққа алатын болсақ, терминология саласының жаһандану заманының күнделікті өзгерісіне байланысты тұрақсыздыққа ұшырап отырғанын, әсіресе қазақ тіліндегі терминдердің пайда болуына әрі олардың тұрақты қалыптасуына әсерін тигізіп, дамуды қажет ететіндігін көре аламыз. Әрине осы уақытқа дейін біршама ғалымдар бұл тіл біліміндегі феноменінің ерекшелігін зерттеген. Мәселен, тілдің функционалдық айырмашылығын коммуникативті құрал тұрғысынан (Г.П. Нецименко, Э.Г. Туманян В.Я. Порхомовский), аумақтық айқындылығы жағынан (М.М. Гухман, А.И. Домашнев, В.М. Жирмунский, Н.Н. Семенюк) және әлеуметтік лингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты (Ю.Д. Дешериев, У. Лабов, Л.Н. Никольский, А.Д. Швейцер) зерттеген. Ал В.М. Алпатов тілдік вариативтілік бұл қоғамның әлеуметтік ерекшеліктері мен мәдениетінің дамуына байланысты айқындалады деген анықтамасын берген [2, 39-40 бб.]. А.К. Карданова өз мақаласында «Терминологиялық вариативтілік ұғымын тілдік сана мен тілдік ойлау жүйелері арқылы айқындалып отыратынын» көрсеткен [3, 103-104 бб.]. Көріп отырғанымыздай, вариативтілік ұғымының әлі де болса зерттелу керек тұстары көп екендігін, әрі оның терминологияда ерекше орын алуының себебі қоғамның әлеуметтік ерекшелігінің және тілдік сананың өзгеріп отыруына байланысты туындайтыны айқындала түсті.

В.Г. Гактың айтуынша «Вариативтілік дегеніміз – толыққанды қалыптаса қоймағанына қарамастан қазірдің өзінде жиі қолданылып жүрген тілдегі жаңа элементтері барлық тілдік нормадағы белсенді инновациялық үдерістері арқылы анықталады». Яғни, белсенді инновациялық үдерістердің терминологиялық вариативтіліктің терең әрі мұқият зерттелу керектігін ұғынамыз. Жұмысымызда тіл біліміндегі терминологиялық вариативтілік қолданысының маңыздылығын айқара ашып беру міндеттеледі. Кез келген сөздің мағынасын анықтауда ғылыми мәтіндерді дұрыс түсіну қажеттілігі туындайды. Ал үнемі өсіп келе жатқан білім көлемі мен жаңа пәндердің пайда болуы жағдайында терминологиялық вариативтілік когнитивті дамуды ынталандыратын маңызды құрал болуы мүмкін. Қолданыстағы зерттеулерде терминдік стандарттау аспектілері жиі қозғалады, бірақ терминологиядағы вариативтілікке кешенді түрде қарастыру мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ тіл біліміндегі терминологиялық вариативтілік феноменінің лингвистикалық негіздерін, оның функционалдық-стильдік және когнитивтік сипатын анықтауға бағытталған. Осы мақсатқа сәйкес жұмыста терминологиялық жүйелердегі нұсқалардың пайда болу себептері, олардың тіл біліміне, күнделікті қалыпты жағдайда қолдану әсері, сондай-ақ қалыпқа келтіру жолдары жан-жақты қарастырылды.

Зерттеуде тілдік деректер мен лингвистикалық жұмыстарға негізделген жүйелік-құрылымдық, сипаттамалық, салыстырмалы, контекстік және ішінара квантитативті әдістер қолданылды.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде тіл білімінің әртүрлі салаларында қолданылатын ғылыми терминдердің нұсқалары алынды. Материал ретінде төмендегі дереккөздер пайдаланылды:

1. Тіл білімінің ғылыми әдебиетіне үлес қосқан ғалымдардың еңбектері мен ғылыми мақалалары. Атап айтқанда, отандық ғалымдар мен орыс ғалымдарының лексикология, терминология, морфология, синтаксис, стилистика, тіл тарихы, аударматану, когнитивтік лингвистика, тіл саясаты (Ш. Құрманбайұлы, М.В. Косова, Р.Р. Шарипова, Ж. Багана, Д.Н. Еркова, Ю.М. Кувшинская, В.М. Алпатов) сияқты бағыттар бойынша жарияланған еңбектеріндегі терминологиялық вариативтілік, тіл білімі, вариативтілік қолданысының лингвистика саласына әсері жайлы және оларды пайдалану жиілігі мен нұсқасы қарастырылды.

2. Ғылыми мақалалар мен баяндамалар. Нақты контексте республикалық және халықаралық конференциялардың материалдары, «Известия ВГУ», «ҚазҰУ Хабаршысы», «Вестник СПбГУ», «Вестник ВолГУ» сияқты басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалардың лингвистикалық терминдері талданды.

3. Шетелдік ғылыми жариялымдар мен мақалалар. Scopus мақаласы базасына кіретін 2013-2024 жылдар аралығында жарияланған ғылыми мақалаларды талдап, ол жұмыстардағы вариативтілік мәселесін қарастыра отырып, ғылыми жұмыс бойынша көрсеткен нәтижелерін терминологиялық вариативтілік мәселесінің тіл білімінде ауқымды орын алатындығы айқара ашып жеткізілді.

Зерттеу әдістері. Лингвистикалық аспектідегі терминологиялық вариативтілікті қарастыру үшін келесі әдістер кешені қолданылды:

1) Сипаттамалық әдіс – терминдердің морфологиялық құрылымын, семантикалық мазмұнын, қолдану аясын және контекстік қызметін сипаттау мақсатында қолданылды. Осы әдіс арқылы термин нұсқаларының ғылыми тіл нормасына сәйкестігі анықталды.

2) Салыстырмалы әдіс – баламалы лингвистикалық терминдердің бір ұғымға қатысты қолдану жиілігі мен семантикалық айырмашылықтарын салыстыра отырып, олардың синонимдік қатарға немесе дублет сипатына ие екендігі анықталды.

3) Контекстік талдау әдісі – ғылыми мәтіндердегі терминдердің қызметі мен прагматикалық рөлін зерттеуге бағытталған. Терминдердің ғылыми стильде қолданылуы, коммуникативті жүктеме және мәтіннің түсінігіне әсері анықталды.

4) Тарихи-диахрондық әдіс – терминнің белгілі бір нұсқасының терминологиялық жүйесіндегі дамудың тарихи жолын, қолдану дәстүрін

және орны мен өзгеруін зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы біздің тіліміздегі лингвистикалық терминдердің эволюциясы мен қалыпқа келу тенденциялары талданды.

5) Функционалды-стилистикалық талдау – терминдердің ресми ғылыми стильде қолданылуын саралау және олардың стилистикалық бейтараптығын немесе эмоционалды тоналдылығын анықтау.

6) Сараптамалық бағалау әдісі – терминдердің кейбір нұсқаларының дұрыстығын анықтау үшін лингвистер мен терминологтардың пікірлері ескерілді. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін арттырды.

Жоғарыда аталған әдістер мен материалдар негізінде лингвистикалық терминологиядағы вариативті көріністер жүйелі түрде қарастырылды, олардың ғылым тілінің дамуына, нормативтік және коммуникативті аспектілеріне әсері жан-жақты сипатталды. Зерттеу нәтижесінде терминдердің тұжырымдамалық сенімділігіне, дәйектілігіне және тиімділігіне байланысты ғылыми тұжырымдар жасалды.

Академик Ш. Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы» деп аталынатын оқу құралында қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы мен мәселелері жайлы «Терминологиялық жарыспалылықты қазіргі қазақ терминологиясындағы ең жиі кездесетін кемшіліктің қатарына қосуға болады. Жарыспалылықты болдырмау үшін ұсынылған баламалардың ішінен терминге қойылатын талаптарға жауап беретін ұтымдысын дер кезінде таңдап алып, баспасөзде, оқулықтар мен оқу құралдарында, терминологиялық сөздіктерде солардың ғана қолданысын қамтамасыз етіп, термин қалыптастыру ісін жіті қадағалап отыру қажет» деген ойын білдірген. «Сондай-ақ терминологиялық сөздіктерде, жарияланып жүрген ғылыми еңбектерде әртүрлі беріліп жүрген жарыспалылықты терминжасам ісінде көрініс беріп отырған кемшіліктердің қатарына кіреді» дейді [4, 128 б.]. Бұл терминология саласының әлі де болса зерттелу қажеттігін, оны тереңірек қарастыру барысында сын қилы мәселесі шығатынын аңғарамыз. Жарыспалылық деп әр автордың өз еңбектерінде сөздерге өз нұсқасын беруі- терминологиялық вариативтіліктің ара жігін, оның жеке қолдану аясын, маңыздылығын ашып қарау қажеттілігі туындап отыр. Терминологиялық вариативтілік ұғымы қазақ тілінде қолдану аясы күннен күнге көркейіп жатқандықтан, зерттеу жұмыстарында талаптарға жауап бере алатын ұтымды баламасын, аудармасын көрсете алатын еңбектерді қажет етеді. Қолданыста жүрген, орыс тіліндегі «*списание*» сөзі қазақ тілінің терминологиясында әртүрлі аудармасымен беріліп жүр. Мәселен, бір сөздіктерде «*шығынға жазу*» деп айтылса, екіншісінде «*есептен шығару*» болып қолданылған. «Списание» сөзінің негізгі мағынасын алып қарайтын болсақ бұл «*списать*» етістігінен шыққан, яғни, қазақ тіліне аудармасы – «*жазу*» немесе «*шығарып тастау*». Бұдан «*есептен шығару*» және

«шығынға жазу» деген сөз тіркесі түрінде аудармасы берілген, ал осының ішінде «есептен шығару» аудармасы қолданыста қалғаны дұрыс деген ойдамыз. Себебі, «шығару» етістігі «*списать*» сөзінің негізгі аудармасы болып, сөз тіркесінде бағынқы қызметінде тұрса, «*жазу*» етістігі аудармасы бойынша қазақ тілінде басынқы қызметінде тұр. М.В. Косова мен Р.Р. Шарипова ғылыми зерттеулерінде терминологиялық вариативтілікті ең алдымен, «көп компонентті терминологиялық сөз тіркестері саласында кездеседі» деген анықтама берген. Мысал ретінде орыс тіліндегі ресми құжаттарда кездесетін терминологиядағы вариативтілік үдерісінің біршама сөз тіркестері арқылы көрсетіп өткен «*налог на землю – земельный налог; документы – документация – система документации; УСД – унифицированная система документации; СД – система документации; ДОУ – документационное обеспечение управления; управленческий процесс – процесс управления; система документации – документационная система; документ личного происхождения – личный документ; карточка фонда – фондовая карточка*»). Екінші бір жағынан алып қарайтын болсақ, вариативтілік дегеніміз бір тілдік бірліктің әр түрлі түрлерімен берілетін, бір мағынаны білдіретін, тек олардың қолданыс аясы контекстің тең емес шарттарымен негізделеді» деген анықтамаларын ұсынған [5, 247 б.].

Д.Ю.Ильин, Е.Г.Сидорова ғылыми мақалаларында «Біз вариативтілікті тілдің әмбебаптығы мен оның негізгі қағидаларының көрінісі, объективті түрде тілді дамытудың тәсілдері мен көздерінің бірі деп бағалаймыз» деген анықтама берген [6, 616 б.]. Осы орайда Ю.М. Кувшинская өз ғылыми еңбегінде вариативтіліктің жаңа терминдерді құруға және тұжырымдамалық аппаратты қалыптастыруға әсерін талдайды. Оның пікірінше, «Өзгергіштік ғалымдарға жаңа құбылыстарды сипаттауға икемді болуға мүмкіндік береді, бірақ оны шамадан тыс пайдалану ғылыми мәтіндерді қабылдауда қиындықтар тудыруы мүмкін» деген тұжырымдамасы бар [7]. Ж. Багана, Д.Н. Еркова «Вариативность фразеологических единиц с компонентом цвета» ғылыми мақалаларында тілдегі вариативтілік ұғымы қазіргі таңда барлық зерттеушілердің әсіресе лингвисттердің назарын өзіне аудара бастағандығы жайлы айтады. «Вариативтілікті әртүрлі қырынан зерттеп қарастырса болады, мысалы жалпы тіл білімі бойынша алып қарайтын болсақ, «вариативтіліктің онтологиясы», «вариативтілік», «инварианттылық», «вариативтілік факторлары», «вариативтілік шекарасы» сынды сөздер түсініктері жайлы біршама сұрақтар туындайды. Ал тіл мәдениеті тұсынан алып қарайтын болсақ, «нормативті және нормативті емес» деп қарастыру қажет. Соңғы кездері тіптен вариативтілік ұғымы мәдениаралық қатынас аспектісінде кеңінен сипатталынып жүр» [8, 135 б.]. Ю.М. Кувшинская зерттеулерінде «вариативность числовых форм сказуемого» жайлы нақты заманауи дереккөздерді талдау арқылы көрсеткен [7, 24-25 бб.]. Қолданыстағы зерттеулердің әлі де болса терминологиялық вариативтілікті

анықтап, оны талдау бойынша ұсыныстардың жеткіліксіз дамуын көріп отырмыз. Біз жұмысымызда вариативтілікті қолданудың нақты әдістері мен стратегияларын ұсына отырып, осы олқылықтың орнын толтыруға тырыстық.

Талқылау және нәтижелер

Лингвистика саласында бір сөздің бірнеше сөздермен баламасы ретінде беріліп жүргенін айқын аңғара аламыз. Бұл біз зерттеп отырған вариативтілік ұғымының кең түрде қолданысының көрінісі. Осыған орай бірашама мысалдар арқылы талдау жасағанды жөн көріп отырмыз. Ғылыми мақалаларға көз жүгіртетін болсақ, А. Алдаш мақаласындағы мына сөйлеміндегі «аударылған» деген сөзді басқаша қандай сөзбен жазғанына мән берейік: «XX ғасырдың 50-жылдарында саяси бағыттар талабымен көркем туындылардың ауқымды көлемі қазақ тіліне тәжірмаланды» [9]. Бұл сөйлемде көріп отырғанымыздай «аударылды» деген сөз «тәжірмаланды» деген сөзбен беріліп тұр. Әрине бұндай вариативтілік көрінісі кездесіп тұратыны анық, дегенмен «аударылды» деген етістігімізді қолданған әлдеқайда дұрыс деп есептейміз. Себебі, бұрыннан қалыптасып келе жатқан қазақ этимологиясының ережесінен бастап бұл сөз тұрақты түрде қалыптасқан, алайда ғалымдардың кейде осындай вариативтілікті тудыратын тұстары бар. Дегенмен, осы жұмысымыз арқылы нақты тек бір ғана нұсқасын ресми түрде қолданған дұрыс дегенді айтқымыз келіп отыр. Тағы бір мысалға көз жүгіртетін болсақ, А. Салқынбай «Мемлекеттік тілді оқытудың функционалдық семантикалық жүйесі» деген мақаласында қазақ тілінде кездесетін болмыстық ұғымдардың «танымдық, тағылымдық мәнін түсіну үшін, тілді идеологиялық құрал ретінде өзіміз жұмсай алмай, бірде білдіріп, бірде бүлдіріп жүрген жайымыз бар» деген ой-пікірін білдерген [10, 78 б.]. Бұлай деуінің себебін бір ғана еліміздің белді дейтін телеканалдарында кездесетін кейбір сұрақ тудыратын сөздердерді мысалмен көрсетіп өткен. «Сағат тоғызда жаңалықтар басталғанда, *таңғы жаңалықтар* деп басталып жүргенін бәріміз де көріп жүрміз, алайда қазақ баласы үшін сағат 9 қалайша таңғы болады, оның орнына *таңертеңгі жаңалықтар* болуы керек еді» [11, 79 б.]. Яғни «*таңғы*» деген сөздің орынына таңертеңгі қолданғаны дұрыс деген шешімге келген. Қарап отырсақ бүгінгі таңда ресми болып есептелетін телеканалдарда бір сөздің өздігінше белгілі бір тілдік норманың қабылданған заңына емес, ыңғайлы қолданысына орай беріліп жүргенін аңғарамыз. Телеканалда қолданылды дегені, тілшілердің ақсап тұрғаны, ал тілшінің ақсап тұрғаны, тіл біліміндегі бұл мәселе бойынша терминологиялық вариативтіліктің толыққанды зерттелуіне итермелейді дегенге тұспалдағымыз келіп отыр. Тіл біліміндегі вариативтілік бойынша мысалдарымызға қайта оралатын болсақ, «*барлығымыз*» бен «*барлықтарымыз*» сөздерінің қатар айтылып

жүргенін аңғарамыз. Бұл сөздердің «бар, бәрі» деген негізден шыққаны белгілі, әрі ішкі мағыналық құрылымында көптік сема бар болғандықтан, «барлығымыз» нұсқасының қолданыста болуы орынды деп есептейміз. Жалпы қазақ тілінде нұсқалылық мәселесі кеңінен орын алады:

Кесте 1. Тілдік бірліктің қазақ тіліндегі нұсқалары

Тілдік бірлік	Қазақ тіліндегі нұсқалары
Снегурочка	акшақар, қарханшайым, қаршақыз
Коляска	бесікарба, қолкүйме, күймебесік
Личный счет	бетесеп, жеке есеп
Экстрасенс	болжамгер, емгер
Консолидация нации	ел болып ұю, ұлт болып ұю
Патриот	елжанды, ұлтжанды, отансүйгіш
Боеголовка	құстұмсық, оқтұмсық, оқбасы
Опекун	қорғаншы, қамқоршы
Трагуар	аяқжол, жиекжол, жаяусоқпақ

John L. A. Huisman, Roeland van Hout және Asifa Majid зерттеуінде жапон тіліндегі дене мүшелеріне арналған терминдердің өзгеруіне байланысты бағалау жүргізілді. Кластерлік талдау әдістерін және дене бөліктерінің атауына арналған эксперименттік деректерді пайдалана отырып, авторлар терминологиялық вариативтілік бет бөліктерінің номинациясындағы айырмашылықтардан бастап жалпы денені сипаттайтын терминдердің тереңірек иерархиялық құрылымына дейін бірнеше деңгейде көрінетінін көрсетті. Бұл мысал терминологияның өзгеріп отыру аясы мәдени-тілдік контекстке қалай тәуелді болатындығын көрсетеді [11]. Ал Theresa Matzinger және Nikolaus Ritt (2022 жылғы) зерттеуі ағылшын тіліндегі фонологиялық заңдылықтарды қарастырды. Авторлар қайталанудың жоғары деңгейі бар сөздердің ықтимал фонологиялық рұқсат етілген формалары тілдік үлгілердің эволюциясына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Атап айтқанда, орта ағылшын кезеңіндегі Open Syllable Lengthening (OSL) деп аталатын фонетикалық өзгерістің мысалында фонологиялық ықтимал формалар жаңа өзгерістерге тартқыш ретінде қызмет ететіні, осылайша бар үлгілерді тұрақтандыратыны көрсетілген. Бұл зерттеу белгілі бір формаларды қолданудың өзгергіштігі мен ықтималдығы терминдердің бекітілуіне және таралуына тікелей әсер ететіндігін атап көрсетеді [12]. В. Tamara, Н. Marianne, V.D. Laetitia ғылыми мақаласында құрылымдық прайминг әдісін қолдана отырып, ағылшын тіліндегі конструкциялардың өзгергіштігі мәселесі қарастырылуда. Авторлар конструкциялардың үш түрін зерттеді: реактивті объект құрылысы (ROC), когнаттық объект құрылысы (COC) және супрелативті объект құрылысы (SOC). Эксперименттік тәсілді қолдана отырып, олар бұл конструкциялар әртүрлі күштердің көлденең және тік қатынастарымен байланысты екенін көрсетті. Талдау нәтижесінде

терминдерді қолдану жиілігі және олардың контексті когнитивті прайминг процестеріне және тілдегі құрылымдардың бекітілуіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін екендігі анықталды. Бұл зерттеу тілдік схемаларды дамытудағы вариативтіліктің маңыздылығын және тұжырымдамалық шекараларды кеңейтуді көрсетеді [13]. Rosa Vallejos және Hunter L. Brown Brown (2021) зерттеуі Тукан отбасына қатысты Секойя тіліндегі статикалық орынды білдіретін құрылымдарға назар аударады. Авторлар құрылыстың төрт негізгі түрін анықтады: топологиялық етістіктер, постуральды етістіктер, экзистенциалды предикаттар және байлам. Бұл конструкциялар мағыналық мазмұны мен кеңістіктік көріністерді сипаттау үшін қолданылатын тұжырымдамалық перспективасы бойынша ерекшеленеді. Мысалы, «быть в» және «быть на» топологиялық етістіктері негіздің геометриясын профильдейді, ал постуральды етістіктер фигураның бағытын профильдейді. «Vallejo» және «Brown» талдауы конструкцияларды таңдаудағы өзгергіштік ана тілінде сөйлейтіндердің мәдени контекстіне және когнитивті қалауына байланысты екенін көрсетті [12]. Dirk Geeraerts (2016) жұмысында «Социосемиотикалық міндеттеме» тұжырымдамасы ұсынылған, онда автор когнитивті лингвистиканың «когнитивті міндеттемесін» тілді әлеуметтік құрал ретінде танытын әлеуметтік тәсілмен толықтыру қажеттілігін атап көрсетеді. Автор вариативтіліктің үш деңгейін қарастырады: бір тілдің ішінде, әртүрлі тілдердің арасында және сол тілде. К. Поппердің «үш әлем теориясына» негізделген тәсілді қолдана отырып, D. Geeraerts: «Тіл өзінің психологиялық сипатына қарамастан, әлеуметтік контексттің әсерінен қалыптасатын және өзгертін субъективті құбылыс ретінде қарастырылуы керек» екенін көрсетеді. Бұл тәсіл терминологиялық вариацияны әлеуметтік нормалар мен тарихи қалыптасқан тәжірибелер арқылы қалай анықтауға болатындығын көрсетеді, бұл оның пайда болу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [13]. Marco Kuhlmann ғылыми мақаласы синтаксистік құрылымдардағы жобалық емес тәуелділік мәселесін зерттейді. Автор «жұмсақ жобаланбаған» тәуелділік грамматикасы тұжырымдамасын енгізеді, олар жоғары эмпирикалық қосымшаны шектеулі есептеу күрделілігімен біріктіреді. Атап айтқанда, M. Kuhlmann екі негізгі шектеулерді талдайды: блок құрылымының дәрежесі және сатылы тәуелділіктің дәрежесі. Бұл шектеулерді енгізу талдаудың дәлдігі мен есептеу шығындары арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге мүмкіндік беретіні көрсетілген. Бұл тәсіл терминологиялық вариация жаңа сипаттамалық модельдер құруда және формальды грамматикалық теорияларды кеңейтуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді [14]. Peter Jansen, Rebecca Sharp, Mihai Surdeanu, Peter Clark зерттеуінде машиналық оқу есептеріндегі сұрақтарға жауаптардың фразеаралық негіздемелерін құру және саралау міндеті талданады. Авторлар негізделген жауаптарды қалыптастыру үшін мәтіннен әртүрлі сөйлемдерді біріктіру мәселесін

қарастырады. Қолданылатын әдіс негіздеме тізбектерін құруды және олардың маңыздылығын рейтингтік модельдер арқылы бағалауды қамтиды. Бұл тәсіл терминологиялық вариацияны машиналық оқыту алгоритмдері тудыратын жауаптардың сапасын жақсарту үшін қалай тиімді пайдалануға болатындығын көрсетеді [14]. Алынған нәтижелерді алдыңғы зерттеулердің деректерімен салыстыру терминологиялық вариативтілік ғылымның дамуына ықпал ететін ғылыми дискурстың ажырамас бөлігі болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, оны пайдалану саналы және бақыланатын болуы керек. Сонымен талқыланған жұмыстар бойынша John L. A. Huisman, Roeland van Hout және Asifa Majid зерттеуінде мәдени және лингвистикалық дәстүрлердің ерекшеліктеріне байланысты өзгергіштіктің қалай болатындығын көрсете отырып, үлкен суретті толықтырады. Өз кезегінде, Theresa Matzinger, Nikolaus Ritt жұмысы терминдердің тұрақтылығы мен эволюциясы олардың лексикондағы ықтималдық таралуымен және пайдалану жиілігімен тікелей байланысты екенін көрсете отырып, вариативтілікті зерттеудегі ықтималдық тәсілінің маңыздылығын көрсетеді. Ал В. Tamara, Н. Marianne, V.D. Laetitia ғылыми мақаласы жаңа тілдік схемаларды құрудағы вариативтіліктің маңыздылығын атап көрсетеді және праймингпен байланысты когнитивті процестердің терминдер мен құрылымдардың таралуына қалай ықпал ететінін түсіндіреді. Соңында, Rosa Vallejos, Hunter L. жұмысы кеңістіктік қатынастарды сипаттаудағы вариацияның маңыздылығын көрсетеді және мәдени-тілдік ерекшеліктер орналасуды білдіру үшін құрылымдарды таңдауға қалай әсер ететінін көрсетеді. Dirk Geeraerts өз кезегінде терминологиялық вариативтілік үшін жаңа теориялық модельдерді құруда, формальды грамматиканы оңтайландыруда және табиғи тілді өңдеу әдістерін дамытуда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Терминологиялық вариативтілік – қазіргі заманғы тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл құбылыс ғылыми дискурста, әсіресе көптілді немесе көпсалалы зерттеулерде жиі байқалады. Терминдердің бірнеше баламасының қатар қолданыла беруі, бір жағынан, тілдің икемділігі мен бейімделгіштігін көрсетсе, екінші жағынан, ғылыми мәтіннің түсініктілігі мен бірізділігіне кедергі келтіруі мүмкін. Осы себепті терминологиялық вариативтілікті тек лингвистикалық құбылыс ретінде емес, сонымен қатар когнитивтік, прагматикалық және әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастыру қажет.

Мақалада көрсетілген мысалдар мен зерттеу нәтижелері терминдердің жарыспалылығы ғылыми дискурста бірнеше деңгейде көрініс табатынын дәлелдейді: синонимдік қатарлар арқылы, аударма нұсқаларда, ғылыми мектептер арасындағы терминдік ұстанымдарда және тарихи қалыптасқан тілдік нормаларда. Бұл көпқырлы құбылыс тілді зерттеушілер мен практик мамандардың назарын аударуы тиіс. Осы мәселеге қатысты

қазіргі сөздіктердегі терминдерге когнитивтік-прагматикалық талдау жүргізген ғалымдар: «Мамандандырылған терминдерді аудару мақсатты аудиторияның сөйлеу ережелеріне дәл сәйкестік пен лайықты эквиваленттерді таңдауды талап етеді. Сөздіктерде аудармада қиындықтар туғызатын бірнеше эквиваленттер ұсынылады», - деп көрсетеді [15, 531 б.].

Терминологиялық вариативтілік тілдік нормадан ауытқу немесе жүйесіздік емес, керісінше, ұғымның даму, қалыптасу және ғылымда орнығу үдерісіндегі өтпелі кезең деп түсінілгені жөн. Әсіресе жаңа технологиялық, цифрлық және гуманитарлық саладағы ұғымдар мен концепттерге қатысты бұл құбылыс кең таралған. Терминдерге қойылатын талаптар – дәлдік, ықшамдылық, бірмағыналылық пен бейтараптық – олардың жарыспалылығын шектейтін факторлар болғанымен, тілдің табиғи даму заңдылықтары бұған қарсы тұра алмайды.

Қорытынды

Зерттеу барысында анықталғандай, бір ұғымды әртүрлі терминдермен беру тәжірибесі көбінесе ғылыми аудиторияның ерекшеліктеріне, қолданылатын тілдің ішкі жүйесіне, ұлттық мәдениет пен танымдық модельдерге тәуелді болады. Бұл аспектілер әсіресе қазақ тілінің ғылыми саласындағы терминжасам үдерісінде өзекті. Көптеген ұғымдар бірнеше баламада қатар қолданылып, олардың қайсысы стандарт болатынына байланысты нақты әдістемелік ұсынымдар жоқ. Мұндай жағдайда лексикографиялық жұмыстар мен академиялық корпустардың маңызы арта түседі.

Терминологиялық вариативтілікке қатысты ең маңызды міндеттердің бірі – біріздендіру және жүйелеу. Бұл орайда Қазақстанда жүргізіліп жатқан терминологиялық реформалар мен Ұлттық терминологиялық комиссияның жұмысы ерекше орын алады. Дегенмен, ұсынылған терминдердің ғылыми қауым тарапынан қолдау табуы, оқу үдерісіне енгізілуі және баспа өнімдерінде тұрақты қолданылуы сынды факторлар да маңызды. Сондықтан тіл саясаты мен ғылыми стиль мәдениетінің арасындағы өзара байланысты нығайту қажет.

Сондай-ақ терминологиялық вариативтілікті басқару үдерісінде цифрлық ресурстардың, соның ішінде терминологиялық дерекқорлар мен онлайн платформалардың рөлі ерекше. Бұл құралдар ғылым мен білімнің жаһандық кеңістігіне интеграциялану үшін де маңызды. Терминдердің қолданыс жиілігін, контексттегі мағынасын, аударма нұсқаларын талдауға мүмкіндік беретін жүйелер – болашақ ғылыми лексикографияның басты құралдарының бірі болмақ.

Зерттеуде қарастырылған материалдар негізінде терминологиялық вариативтілікке деген ұстаным прагматикалық және функционалдық сипатқа ие болуы тиіс деген қорытынды жасалды. Яғни, белгілі бір терминнің

таңдауы оның нақты ғылыми контексттегі тиімділігіне, қабылдануына және түсініктілігіне байланысты айқындалуы керек. Бұл ретте, тіл мамандары, аудармашылар, пән оқытушылары және зерттеушілер арасында байланыс болуының маңызы зор.

Қорытындылай келе, терминологиялық вариативтілік – тіл дамуының табиғи көрінісі. Ол ғылым тіліне икемділік мүмкіндігін бере алады. Алайда бұл құбылыстың реттелмеуі ғылыми коммуникацияның сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан қазіргі кезеңде терминологияны стандарттау мен реттеу, сонымен бірге, оның табиғи даму үрдістерін де есепке алу қажет. Бұл екі бағытты үйлестіре отырып, ғылым тілінің дамуына серпін беру қажет.

Терминологиялық вариативтілік мәселесін болашақ зерттеулерде терминдердің тіларалық қатынастар жағдайындағы нормативтілік, өзгермелілік құбылыстарымен тығыз байланыста қарастыру аса өзектілікке ие болады. Оларды бірнеше маңызды бағытқа бөліп зерттеу қажет деп санаймыз: терминдер вариативтілігінің жұмсалымды-прагматикалық аспектісі; цифрлық коммуникацияның терминологиялық вариативтілікке әсері; терминологиялық бейімдеу үдерісінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері т.б.

ӘДЕБИЕТ

[1] Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру. – Алматы, 1997. – 186 б.

[2] Алпатов В.М. Национальные традиции в вычленении и обозначении обработанных литературных идиомов (система терминов) // Формы дифференциации языка в зеркале национальных терминологических традиций: материалы круглого стола. – М., 2002. – С. 34-45.

[3] Карданова А.К. Терминологическая вариативность в исследовании вопросов языкового сознания // Известия ВГУ. Филологические науки. – 2016. – № 2. – С.102-107.

[4] Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы, 2014. – 952 б.

[5] Косова М.В., Шарипова Р.Р. Терминированность как основа классификации документных текстов // Вестник ВолГУ. Сер. 2. Языкознание. – 2016. – Т. 15. – № 4. – С. 245-251.

[6] Ильин Д.Ю., Сидорова Е.Г. Вариативность языковой нормы при функционировании топонимов: проблемы и противоречия // Вестник СПбГУ. Язык и литература. – 2020. – Т. 17. – Вып. 4. – С. 615-632.

[7] Кувшинская Ю.М. Тенденции развития вариативности в согласовании сказуемого с подлежащим, включающим числительное «несколько» // Вопросы русской исторической грамматики и славяноведения: материалы междунар. науч. семинара (Петрозаводск, 19–20 сентября 2013 г.). – Петрозаводск: Изд-во ПетрГУ, 2013. – С. 99-104.

[8] Багана Ж., Еркова Д.Н. Вариативность фразеологических единиц с компонентом цвета (на материале испанского и русского языков) // Научная мысль Кавказа. – 2011. – № 1. – С. 135-138.

[9] Алдаш А. Аудармашының лингвомәдени құзыреті туралы // Мемлекеттік тіл және аударматанудың өзекті мәселелері: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2011. – 488 б. ISBN 978-601-80160-0-4

[10] Салқынбай А. Мемлекеттік тілді оқытудың функционалдық семантикалық жүйесі // Мемлекеттік тіл және аударматанудың өзекті мәселелері: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2011. – 488 б.

[11] Huisman J.L.A., van Hout R., Majid A. Patterns of semantic variation differ across body parts: evidence from the Japonic languages // *Cognitive Linguistics*. – 2021. – Vol. 32. – No. 3. – Pp. 455-486. <https://doi.org/10.1515/cog-2020-0079>

[12] Matzinger T., Ritt N. Phonotactically probable word shapes represent attractors in the cultural evolution of sound patterns // *Cognitive Linguistics*. – 2022. – Vol. 33. – No. 2. – Pp. 415-446. <https://doi.org/10.1515/cog-2021-0087>

[13] Bouso T. Hundt, M., Van Driessche L. A sisterhood of constructions: A structural priming approach to modelling links in the network of Objoid Constructions // *Cognitive Linguistics*. – 2024. – Vol. 35. – No. 3. – Pp. 313-344. DOI:10.1515/cog-2023-0103

[14] Кувшинская Ю.М. Вариативность синтаксических конструкций в современном русском языке // НТИ. Серия. 2. Информационные процессы и системы. – 2014. – № 9. – С. 24-32.

[15] Iskakbayeva A.A., Temirgaliyeva G., Zhumabekova A.K., Tussupova A.K. Cognitive-pragmatic analysis of terms: A case study // *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Philological Sciences”* – 2025. – № 3 (78). – Pp. 517-534.

REFERENCES

[1] Bilälov Sh. Ul'tyq gylym tili negizderin qalyptastyru [Formation of the Foundations of the National Language of Science]. – Almaty, 1997. – 186 b. [in Kaz.]

[2] Alpatov V.M. Natsional'nye traditsii v vychlenenii i oboznachenii obrabotannykh literaturnykh idiomov (sistema terminov) [National traditions in distinguishing and designating processed literary idioms (system of terms)] // *Formy differentsiatsii yazyka v zerkale natsional'nykh terminologicheskikh traditsii*. – Moscow, 2002. – S. 34-45. [in Rus.]

[3] Kardanova A.K. Terminologicheskaya variativnost' v issledovanii

voprosov yazykovogo soznaniya [Terminological variability in the study of issues of language consciousness] // Izvestiya VGU. Filologicheskie nauki. – 2016. – No. 2. – S. 102-107. [in Rus.]

[4] Qurmanbaiuly Sh. Qazaq terminologiyasy: zertteuler, oqulyq, sözdik, bibliografiya [Kazakh Terminology: Research, Textbook, Dictionary, Bibliography]. – Almaty, 2014. – 952 b. [in Kaz.]

[5] Kosova M.V., Sharipova R.R. Terminirovannost' kak osnova klassifikatsii dokumentnykh tekstov [Terminologization as the basis for classification of document texts] // Vestnik VolGU. Ser. 2. Yazykoznanie. – 2016. – Vol. 15. – No. 4. – S. 245-251. [in Rus.]

[6] Il'in D.Yu., Sidorova E.G. Variativnost' yazykovoi normy pri funktsionirovanii toponimov: problemy i protivorechiya [Variability of language norm in the functioning of toponyms: problems and contradictions] // Vestnik SPbGU. Yazyk i literatura. – 2020. – Vol. 17. – Iss. 4. – S. 615-632. [in Rus.]

[7] Kuvshinskaya Yu.M. Tendentsii razvitiya variativnosti v soglasovanii skazuemogo s podlezhashchim, vklyuchayushchim chislitel'noe «neskol'ko» [Trends in the development of variability in predicate agreement with subjects including the numeral “several”] // Voprosy russkoi istoricheskoi grammatiki i slavyanovedeniya. – Petrozavodsk, 2013. – S. 99-104. [in Rus.]

[8] Bagana Zh., Erkova D.N. Variativnost' frazeologicheskikh edinits s komponentom tsveta (na materiale ispanskogo i russkogo yazykov) [Variability of phraseological units with a color component (based on Spanish and Russian)] // Nauchnaya mysl' Kavkaza. – 2011. – No. 1. – S. 135-138. [in Rus.]

[9] Aldash A. Audarmashynyng lingvomädeni quzyreti turaly [On the linguocultural competence of a translator] // Memlekettik til zhane audarmatanudyn ozekti maseleleri. – Astana, 2011. – 488 b. [in Kaz.]

[10] Salqynbai A. Memlekettik tildi oqytudyn funktsionaldyq semantikalyq zhüiesi [Functional-semantic system of teaching the state language] // Memlekettik til zhane audarmatanudyn ozekti maseleleri. – Astana, 2011. – 488 b. [in Kaz.]

[11] Huisman J.L.A., van Hout R., Majid A. Patterns of semantic variation differ across body parts: evidence from the Japonic languages // Cognitive Linguistics. – 2021. – Vol. 32. – No. 3. – Pp. 455-486. <https://doi.org/10.1515/cog-2020-0079>

[12] Matzinger T., Ritt N. Phonotactically probable word shapes represent attractors in the cultural evolution of sound patterns // Cognitive Linguistics. – 2022. – Vol. 33. – No. 2. – Pp. 415-446. <https://doi.org/10.1515/cog-2021-0087>

[13] Bouso T. Hundt, M., Van Driessche L. A sisterhood of constructions: A structural priming approach to modelling links in the network of Objoid Constructions // Cognitive Linguistics. – 2024. – Vol. 35. – No. 3. – Pp. 313-344. DOI:10.1515/cog-2023-0103

[14] Kuvshinskaya Yu.M. Variativnost' sintaksicheskikh konstruksii v sovremennom russkom yazyke [Variability of syntactic constructions in modern

Russian] // NTI. Ser. 2. Informatsonnye protsessy i sistemy. – 2014. – No. 9. – S. 24-32. [in Rus.]

[15] Iskakbayeva A.A., Temirgaliyeva G., Zhumabekova A.K., Tussupova A.K. Cognitive-pragmatic analysis of terms: A case study // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Philological Sciences” – 2025. – № 3 (78). – Pp. 517-534.

ЗНАЧЕНИЕ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ ВАРИАТИВНОСТИ В ЯЗЫКОВЕДЕНИИ

Айдарбек Қ. Ж.¹, Бейсеғұл Д. Т.², *Бактиярова Р.М.³, Аккузова А.А.⁴

^{1,2,4} Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Алматы, Казахстан

*³ Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В современной лингвистике устойчивость и системность терминологической системы рассматриваются как один из ключевых показателей качества научной коммуникации. Вместе с тем обозначение одного и того же понятия несколькими наименованиями - терминологическая вариативность - является широко распространённым явлением в научном дискурсе. Вариативность – это явление, обусловленное историческим развитием научной терминологии, взаимодействием различных научных школ, межязыковыми связями, а также процессами заимствования и адаптации терминов. Изучение терминологической вариативности позволяет рассмотреть особенности развития научной терминологии, выявить причины появления различных терминологических вариантов и определить их роль в системе научного знания.

Цель исследования заключается в выявлении природы терминологической вариативности в казахском языкознании, определении причин её формирования и установлении её роли в научном употреблении. В связи с данной целью исследования ставятся следующие задачи: определение теоретических основ исследования терминологической вариативности; выявление роли процесса терминологической вариативности в лингвистике; проанализировать явление терминологической вариативности в различных видах научного дискурса; разработка предложений по использованию терминологической вариативности в научных изданиях.

Основные направления исследования включают анализ факторов возникновения терминологических вариантов (социальных, культурных, когнитивных, междисциплинарных), их функционирования в научном тексте и влияния на языковую норму.

В методологическом плане использованы описательный и сравнительный методы, контекстуальный анализ, функционально-

стилистический подход, а также комплексная лингвистическая экспертиза научных текстов. Кроме того, сопоставлены терминологические варианты в казахских и зарубежных научных публикациях, выявлены их семантические, структурные и функциональные особенности.

Выбор методологии исследования напрямую зависит от цели работы. Поскольку терминологическая вариативность является сложным лингвистическим явлением, связанным с семантическими, структурными и функциональными характеристиками терминов, её изучение требует применения комплексных подходов и использования различных методов лингвистического анализа.

Результаты исследования показали, что терминологическая вариативность является естественным следствием развития научной мысли и междисциплинарного взаимодействия. С одной стороны, вариативность способствует уточнению понятий и развитию научной дискуссии, с другой-может приводить к нестабильности терминологической системы и коммуникативным затруднениям. В заключение обоснована необходимость выработки научно аргументированных принципов регулирования и систематизации терминологической вариативности.

Научная ценность исследования заключается в расширении теоретических представлений о природе терминологической вариативности, определении её роли в системе научной терминологии, а также в углублении научного понимания процессов формирования и функционирования лингвистического научного дискурса. Научная новизна исследования заключается в комплексном анализе проблемы вариативности в казахской терминологии, практическая значимость-в разработке рекомендаций по стандартизации научных текстов, унификации терминов и их эффективному использованию в образовательном процессе.

Ключевые слова: терминологическая вариативность, языкознание, научный дискурс, языковая норма, термин, терминообразование, научная коммуникация, междисциплинарное взаимодействие, семантический анализ

THE SIGNIFICANCE OF TERMINOLOGICAL VARIABILITY IN LINGUISTICS

Aidarbek K. Zh.¹, Beisegul D.T.², *Baktiyarova R.M.³, Akkuzova A.A.⁴

^{1,2,4} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

^{*3} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In contemporary linguistics, the stability and consistency of the terminological system are regarded as key indicators of the quality of scientific communication. However, the use of multiple designations for a single

concept-terminological variability -is a widespread phenomenon in scientific discourse. Variability is a phenomenon driven by the historical development of scientific terminology, the interaction of various scientific schools, interlinguistic links, as well as the processes of borrowing and adapting terms. The study of terminological variability allows for an examination of the specific features of scientific terminology development, identifying the reasons for the emergence of different terminological variants, and defining their role within the system of scientific knowledge.

The aim of the study is to identify the nature of terminological variability in Kazakh linguistics, determine the factors contributing to its formation, and clarify its significance in academic usage. In connection with this research objective, the following tasks are set: to determine the theoretical foundations of the study of terminological variation; to identify the role of the process of terminological variation in linguistics; to analyze the phenomenon of terminological variation in various types of scientific discourse; to develop proposals for the use of terminological variation in scientific publications.

The main research directions focus on analyzing the factors underlying the emergence of terminological variants (social, cultural, cognitive, and interdisciplinary), their functioning in scientific texts, and their influence on language norms. Methodologically, the study employs descriptive and comparative methods, contextual analysis, functional-stylistic approaches, and comprehensive linguistic examination of academic texts. In addition, terminological variants found in Kazakh and international scholarly publications were compared in order to determine their semantic, structural, and functional characteristics.

The choice of research methodology depends directly on the objective of the study. Since terminological variability is a complex linguistic phenomenon associated with the semantic, structural, and functional characteristics of terms, its investigation requires the application of integrated approaches and the use of various methods of linguistic analysis.

The findings demonstrate that terminological variability is a natural consequence of the development of scientific thought and interdisciplinary interaction. On the one hand, variability contributes to conceptual clarification and stimulates scholarly discussion; on the other hand, it may lead to instability within the terminological system and communicative ambiguity. The study substantiates the need to develop scientifically grounded principles for regulating and systematizing terminological variability.

The scientific value of the research lies in expanding theoretical insights into the nature of terminological variability, determining its role within the system of scientific terminology, and deepening the scientific understanding of the processes behind the formation and functioning of linguistic scientific discourse. The scientific novelty of the study consists in a comprehensive analysis of the problem of variability in Kazakh terminology, while its practical significance

lies in the development of recommendations for the standardization of scientific texts, the unification of terms, and their effective use in the educational process.

Keywords: terminological variability, linguistics, scientific discourse, language norm, term, term formation, scientific communication, interdisciplinary interaction, semantic analysis

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 01.04.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9850-5255>, e-mail: aidarkar_10@mail.ru

Бейсеғұл Дина Талғатқызы – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-5463-639X>, e-mail: dina1993dina@mail.ru

Бактиярова Райгуль Муратовна – PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Аккузова Айнура Абдыжалиловна – PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4821-0774>, e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru.

Информация об авторах:

Айдарбек Карлығаш Жамалбековна – доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9850-5255>, e-mail: aidarkar_10@mail.ru

Бейсеғұл Дина Талғатқызы – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-5463-639X>, e-mail: dina1993dina@mail.ru

Бактиярова Райгуль Муратовна – PhD, ассоциированный профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Аккузова Айнура Абдыжалиловна – PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-4821-0774>, e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru

Information about the author:

Aidarbek Karlygash Zhamalbekyzy – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9850-5255>, e-mail: aidarkar_10@mail.ru

Beisegul Dina Talgatkyzy – doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-5463-639X>, e-mail: dina1993dina@mail.ru.

Baktiyarova Raigul – PhD, Associate Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Akkuzova Ainur – PhD, Acting Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4821-0774>, e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru